

**Дарынды балаларға арналған мамандандырылған  
С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені**

**Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары**

Отырыстар	Тақырыптар	Уақыты	Жауаптылар
I	<ol style="list-style-type: none"><li>1. ҚР Білім және ғылым министрінің 27.07.2017 ж. № 355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен» таныстыру.</li><li>2. Мектеп-интернаттың жұмысымен, базасымен таныстыру.</li><li>3. «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені» Қамқоршылық Кеңесінің ережесін бекіту.</li><li>4. Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен хатшысын сайлау.</li><li>5. Қамқоршылық кеңестің жұмыс бағыттарын белгілеу.</li></ol>	13.01.18	Муқанов А.Д. Мағзумова З.Т.
II	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Мектеп-интернаттың материалдық-техникалық базасын жетілдіру.</li><li>2. Сыныптан тыс, мерекелік, спорттық іс-шараларды қолдау.</li><li>3. Аз қамтылған оқушыларға қайырымдылық көмек көрсету.</li></ol>	3.03.18	Умашев Е.Ж. Шуйншалиева С.А.
III	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Дарынды оқушылар мен үздік педагогтарды қолдау.</li><li>2. Жазғы уақыттағы балалардың демалысының ұйымдастырылуын қолдау.</li></ol>	12.05.18	Умашев Е.Ж. Шуйншалиева С.А.
IV	Қамқоршылық кеңестің бір жылдық жұмысының есебі.	27.10.18	Умашев Е.Ж. Шуйншалиева С.А.

**Дарынды балаларға арналған мамандандырылған  
С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат  
кешені**

**Қамқоршылық кеңесінің отырысы**

**Хаттама № 1**

13.01.2018 жыл

**Қатысқандар:**

1. Оспанқұлов Ғабидолла Абдоллаұлы - БҚО әкімінің орынбасары;
2. Кадырова Шолпан Маратқызы - БҚО білім басқармасының басшысы;
3. Умашев Есей Жолдығалиевич - Орал-стом, директор;
4. Казанин Юрий Викторович - «РАМ-ШОК» ЖШС, басшы;
5. Уразғалиева Айгуль Алтаевна - ата-ана, «Орал литейно-механикалық зауыты» бас есепші;
6. Шуйншалиева Сауле Адилгереевна - ата-ана, «Облыстық психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық кеңес беру» мекемесі, психолог;
7. Тургаева Майра Муханбеткалиевна - ата-ана, жеке кәсіпкер;
8. Жұмағалиев Батырбек Құсанұлы - ата-ана, «Жолбарыс» ШҚ жетекшісі.

**Қатыспағандар:** Нупов Асылбек Иманбаевич-ата-ана, «НЕФТЭК» ЖШС, бас директор.

**Шақырылғандар:** Муканов А.Д.-мектеп директоры, Мағзумова З.Т.- директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.

**Күн тәртібінде:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын талдау.
2. Мектеп-интернаттың жұмысымен, базасымен таныстыру.
3. ҚР Білім және ғылым министрінің 27.07.2017 ж. № 355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен» таныстыру.
4. Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен хатшысын сайлау.

5. «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені» Қамқоршылық Кеңесінің ережесін бекіту.
6. Қамқоршылық кеңестің жұмыс бағыттарын белгілеу.

**Тыңдалды:**

1. Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Д.Муканов мәлімдеме жасап, елбасының жолдауы талқыланды.
2. Екінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Д.Муканов мектептің жұмысымен, мектептің базасымен таныстырып өтті.
3. Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы бойынша З.Т.Магзумова ҚР Білім және ғылым министрінің 27.07.2017 ж. № 355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен» таныстырып өтті.
4. Төртінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен хатшысы сайланды. Бірауыздан қамқоршылық кеңестің төрағасы Умашев Есей Жолдығалиевич, хатшысы болып Шуйншалиева Сауле Адилгереевна сайланды.
5. Бесінші мәселе бойынша «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені» Қамқоршылық Кеңесінің ережесі таныстырылып, бекітілді.
6. Алтыншы мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің жұмыс бағыттары белгіленді. Қамқоршылық кеңес мүшелері мектептің дарынды балаларға арналған білім ұйымы болғандықтан мектепті алға дамыту қажеттілігі айтылды, инновациялық бағытта білім берудің озық тәжірибелерін енгізу міндеттері қойылды. Басты міндет оқушыларға сапалы білім беру. Болашақта оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, ой-өрісін кеңейтіп, шығармашылығын дамыту мақсатында зерттеу орталықтарын, технопарк, лабораториялар құру ұсыныстары айтылды.

Қамқоршылық кеңесі жұмысының басым бағыттары төмендегідей белгіленді:

- 1) Мектеп-интернаттың материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
- 2) МЖМББ стандартынан тыс білім беру процесін жүзеге асыруда зертханалық орталық ұйымдастыруды қолдау;
- 3) Дарынды оқушыларға, үздік педагогтарға қолдау көрсету;
- 4) Мектеп-интернаттағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге

әлеуметтік

қолдау

көрсету;

5) Спорттық, сыныптан тыс шараларды, оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруды қолдау.


### Шешім:

1. «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені» қамқоршылық кеңес мүшелерінің дауыс басымдылығымен Қамқоршылық Кеңесінің төрағасы - Умашев Есей Жолдығалиевич, хатшысы - Шуйншалиева Сауле Адилгереевна сайлансын.
2. «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені» Қамқоршылық Кеңесінің ережесі бекітілсін.
3. Қамқоршылық кеңесі жұмысын жүргізуде ҚР Білім және ғылым министрінің Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары мен «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені» Қамқоршылық Кеңесінің ережесі басшылыққа алынсын.
4. Қамқоршылық кеңесі жұмысының басым бағыттары бекітіліп, жұмыс жоспарына енгізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшысы:

Қамқоршылық кеңес мүшелері:



Е.Ж.Умашев

С.А.Шуйншалиев

Ғ.А.Оспанқұлов

Ш.М.Кадырова

Ю.В. Казанин

А.А.Уразғалиева

М.М.Тургаева

Б.Қ.Жұмағалиев